

Балқаш қаласының әкімдігі

Бірлескен Қарағанды облысы  
Балқаш қалалық әкімдігінің 2010  
жылғы 21 қазандағы № 35/02  
қаулысы және Балқаш қалалық  
мәслихатының 2010 жылғы 24  
желтоқсандағы 39/306 шешімі.  
Қарағанды облысы Балқаш  
қаласының Әділет басқармасында  
2011 жылғы 14 қаңтарда № 8-4-  
214 тіркелді

Акимат г. Балхаша

## Парковый түйық көшесінің атын өзгерту және оған Ж. Төлендиновтің атын беру туралы

Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Заңына сәйкес, қалалық ономастикалық комиссиясының шешімінің негізінде, Парковый түйық көшесі тұрғындарының пікірлерін ескеріп, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген мәдениет қызметкері, Балқаш қаласының Құрметті азаматы Төлендинов Жазбек Сәтімбекұлының зор еңбегін ескере отырып қалалық әкімдік **ҚАУЛЫ** ЕТТІ және қалалық мәслихат **ШЕШТІ**:

1. Парковый түйық көшесінің аты өзгертілсін және оған Ж. Төлендиновтың аты берілсін.

2. Осы бірлескен қаулының және шешімнің орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары М.С. Жарылғапқа және қалалық мәслихаттың бюджет, экономика, заңдылық және азамат құқығы, әлеуметтік-мәдени даму және халықты әлеуметтік қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін (Баймағанбетов Е. К.).

3. Осы бірлескен қаулы және шешім алғашқы рет ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді.

**Қала әкімі****Қ. Тейлянов**

---

**Сессия төрайымы****Қалалық мәслихат хатшысы****Р. Қойбағарова****И. Сторожко**